

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Қамқоршылық кеңес отырысының №4-хаттамасы**

Қайрат ауылы
Қатысты: 7
Қатыспады: 4

«13» мамыр 2026 жыл

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.
2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдалану бағыттарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.
3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің немесе облыстық (аудандық/қалалық) білім басқармасының Қамқоршылық кеңес жұмысы барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымдағы жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру мәселесі қаралды. Жиналыс төрағасы балалардың жаз мезгіліндегі денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тиімді демалысын ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

Тәрбиешілер жазғы кезеңге арналған іс-шаралар жоспарын таныстырып, балалармен таза ауада өткізілетін спорттық ойындар, серуендер, шынықтыру жаттығулары және танымдық іс-шаралар туралы баяндады. Сонымен қатар қауіпсіздік шараларын сақтау, санитарлық талаптарды орындау және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қозғалды. Ата-аналар тарапынан балалардың жазғы демалысын мазмұнды өткізуге байланысты ұсыныстар айтылды.

Тыңдалды: екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттары талқыланды. Жиналыс барысында ұйымға қажетті жиһаздар, оқу құралдары, ойыншықтар, спорттық жабдықтар және аумақты көркейтуге арналған материалдарды алу қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар қаражатты тиімді әрі мақсатты пайдалану, жұмсалып тәртібін ашық жүргізу мәселелері қарастырылды. Қамқоршылық кеңес мүшелері қажеттіліктер тізімін бекітіп, қаражаттың жұмсалыуына бақылау жүргізу жөнінде ұсыныстар білдірді.

Тыңдалды: үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес жұмысы барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар қаралды.

Жиналыс барысында ұйымдастырылатын кейбір материалдық қамтамасыз ету, аумақты күтіп ұстау, ата-аналармен кері байланыс жүргізу және қауіпсіздік шараларын жетілдіру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар анықталған кемшіліктерді жою мақсатында мектепке дейінгі ұйым әкімшілігіне және білім бөліміне ұсыныстар енгізу қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңес мүшелері ұйым жұмысын жетілдіру бағытында бірқатар нақты ұсыныстар білдірді.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жоғары бекітілісін. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған күнделікті сауықтыру шаралары ұйымдастырылсын. Таза ауадағы ойындар мен спорттық іс-шаралар тұрақты өткізілсін. Балалардың қауіпсіздігін сақтау және санитарлық талаптарды орындау қатаң бақылауға алынсын.
2. Материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша қажеттіліктер тізімі бекітілсін. Қамқоршылық кеңес қаражаты ұйым қажеттілігіне сәйкес мақсатты түрде жұмсалсын. Балаларға арналған оқу және ойын құралдарын жанарту жұмыстары жүргізілсін. Спорттық және дамытушы құрал-жабдықтар сатып алынсын. Қаражаттың жұмсалуды туралы есеп Қамқоршылық кеңес отырысында тұрақты қаралып отырсын.
3. Анықталған кемшіліктер бойынша тиісті ұсыныстар мектепке дейінгі ұйым әкімшілігіне жолдансын. Қауіпсіздік талаптарын күшейту бойынша қосымша шаралар қабылданын. Ата-аналармен кері байланысты жетілдіру жұмыстары ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: _____ 3.А.Мамекова

Хатшы: Maad М.К.Абдуалиева